

Райымбек аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 наурыздағы "Райымбек ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" № 43-227 шешіміне өзгерістер енгізу туралы"

Күшін жойған

Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 наурыздағы № 14-81 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 11 сәуірде № 4182 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2024 жылғы 6 ақпандағы № 18-104 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 06.02.2024 № 18-104 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабының 2-тармағына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығына, "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының бұйрығына сәйкес, Райымбек аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Райымбек аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 наурыздағы "Райымбек ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" № 43-227 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3143 тіркелген , 2015 жылдың 19 мамырында "Хантәңірі" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспе бөлігіндегі және көрсетілген шешімнің қосымшасының кіріспе бөлігіндегі "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына" сөздері "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығына" деген сөздеріне ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасының 1 тармағының 5) тармақшасы және 7 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

"5) мемлекеттік корпорация – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;"

"7. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат (отбасы) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген стандарттарының (бұдан әрі - Стандарт) 9 тармағына сәйкес мемлекеттік корпорация немесе веб-портал арқылы өтініш береді."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Райымбек аудандық мәслихатының "Халықты әлеуметтік қорғау, еңбекпен қамту, білім беру, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет, тіл, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс, бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Райымбек аудандық мәслихаты
сессиясының төрағасы
Райымбек аудандық
мәслихаттың хатшысы*

*Т. Нүсіпқожаев
Е. Құдабаев*